

Тақырыбы	Тапсырма түрі	Тапсырмаға қойылатын критерийлер	Балл саны
СОӨЖ 4 1. Жүйелеу тест тапсырмаларын құрастыру технологиясы. 2. Ашық тест тапсырмаларының ерекшелігі, оларды құрастыру технологиясы. 3. Сабақты тақырыптық жоспарлау. Сабақ – химияны оқытудың негізгі ұйымдастыру формасы. Оқыту формасының басқа түрлері – факультативтер, вариативті, және элективті курстар.б. СӨЖ 1. «Тұрмыстық химиялық заттардан галогендерді анықтау» тақырыбына элективті курс құрастыру (9-сынып) «Хлордың ағартқыш қасиетін зерттеу» факультативті сабақ ұйымдастыру (9-сынып).	Тест тапсырмаларын құрастыру ЖЕКЕ ЖҰМЫС Силлабус бойынша химиядан бір сыныптың тақырыбы бойынша бір тақырыпты алып, сол бойынша әртүрлі тест тапсырмаларын құрастыру. Әрбір тестке 1 тапсырмадан құрастыру. Төменде көрсетілген тест түрлерінің барлығын қамтыңыз: - Ашық тест - Таңдамалы тест (бір жауапты және бірнеше жауапты тест құрастыру) - Реттік тест - Сәйкестендіру тесті - Аралас тест - Баламалы тест - Еске түсіру тесті - Толықтыру тесті Ашық тест – бұл нақты жауаптары жоқ, шығармашылықты және талдауды талап ететін тапсырма. Оқушы өз түсінігі мен білімін пайдаланып, әртүрлі тәсілмен жауап бере алады. Толықтыру тесті – оқушы берілген сұрақты немесе сөйлемді өзі толықтыруы қажет. Оқушыларға тапсырма сөйлем түрінде беріледі де сөйлемдегі кей сөз орнына (цифр, формула, сөз т.б) үш нүкте беріледі. Мұндай тапсырмадағы жауап қысқа тұжырымды бір мәнді болуы шарт. Таңдамалы тесті оқушыларға берілген тапсырмамен қоса оның дұрыс және дұрыс емес жауаптары беріледі. Бір жауапты және бірнеше жауапты түрлері бар. Еске түсіру тесті сұрақ нақты беріледі де, жауабы бір мәнді болуы шарт. Еске түсіру тестінің сұрақтарын түзгенде сұрақ на	-WORD форматына орындау; - Міндетті түрде жұмыстың титулдық беті болуы қажет -тапсырма 100 пайыз дұрыс орындалуы; -барлық тест түрін қамтуы; -тапсырмалардың нақты мақсатының болуы; -тапсырмалардың қысқа, түсінікті болуы; -сөйлемдердің стильдік жағынан дұрыс құрылуы;	Ең жоғары балл - 12 балл

	қты, анық қойылады, ал жауабын сөз, сан, формула т.б түрде берілуі мүмкін. Сәйкестендіру тесті мағынасы бір – бірімен байланысты тапсырмалардың екі бағанға әр түрлі ретпен орналастырылуы. Мұндай тестті жасауда бірінші бағанда қысқа тұжырымды сөйлем болса, екінші бағанда сәйкес сөз, белгі, сызба болуы керек. Сөйлем саны 5 тен 15 ке дейін болса, екінші бағандағы сөз, белгі, сызба, нұсқа т.б саны екі – үшеуі артық болғаны. Реттік тест бақылау объектісі (құбылыс, шамалар, формула т.б) ретімен жазылуы (айтылуы) керек. Ретімен орындаңыз немес ретімен орналастырыңыз деген секілді Аралас тесті оқушыға берілетін тапсырма әртүрлі тест түрінде (мысалы: толықтыру, таңдамалы т.б) беріледі. Баламалы тест тесттің бұл түрін жасауда жауабын білуге ықпал ететін сөзден аулақ болған жөн. Сөйлем қысқа тұжырымды, мазмұнды бір мәнді болғаны дұрыс. Тесттің мұндай түрінің жауабы сөзбен (дұрыс, дұрыс емес) ия немесе жоқ немесе белгілер арқылы +, - т.б беріледі.		
--	--	--	--